

Хаттама № _____ « _____ » _____ 2011 ж.
Кафедра меңгерушісі: Темиргалиев К.А

Қарағанды Мемлекеттік Медицина Университеті
Қазақстан тарихы және әлеуметтік – саяси пәндер кафедрасы

Д Ә Р І С

Тақырыбы: «Шығыс мәдениетіндегі философия феномені Ежелгі Үнді философиясы»

Мамандығы: «5В130100 – Жалпы медицина»

Пән: «Философия»

Курс: 2

Уақыт (ұзақтығы) : 1сағат (50 минут)

Қарағанды – 2011 ж.

Аға оқытушы: Нұрмаханова Н.Ж

Тақырыбы: Философия мәдениет феномені
хақысында. Философия, оның предметі және
қызметтері. Дәрігер дүниетанымының
қалыптасуындағы философияның ролі.

Мамандығы: 5В130100-Жалпы медицина

Курс: 2

Уақыт ұзақтығы: 1 сағат (50 минут).

Мақсаты:

- Студенттерді философия феноменімен, оның қызметтерімен, предметімен және дәрігер дүниетанымын қалыптастырудағы ролімен таныстыру.

ЖОСПАР:

- Философияның пайда болуы.
- Дүниетаным және оның тарихи типтері.
- Философияның әдістері мен қызметтері.
- Дәрігер дүниетанымның (диалектикалық ойлау әдісінің) қалыптасуындағы философияның ролі.

Философияның пайда болуы.

Философия б.д.д. Бірінші мыңжылдықтың ортасында бір-біріне байланыссыз және тәуелді түрде Ежелгі Үндіде, Ежелгі Қытайда және Ежелгі Грецияда пайда болады. Және үш аймақта да философия мифология негізінде қалыптасты. Бастапқыда философиялық даналық — дәстүрлі өмір-салт пен түсінікке қарсы бағытталған сын патриархалды қағидалардың әділдігі мен ақиқаттығына білдірілген алғашқы күмән ретінде қалыптасты. Өйткені табиғи және әлеуметтік шындықты жеткілікті түсіндіре алмаған діни-мифологиялық сананың дағдарысы кезеңінде ақиқатты жалпыдан, табиғиды жасандыдан ажырату, жаңа өмірлік бағдар мен берік те сенімді дүниетаным құру қажеттілігі туды. Дүние және адамды рационалды ұғыну талпыныстары алдымен алғы философияға содан соң философияға әкеледі.

Философияның қалыптасу кезеңдері:

Мифология

Алғашқы қауымдық мәдениет пен барлық өрениеттер мәдениеті

Алғы философия

Египет

Үнді

Нулея

Қытай

Греция

Философия

Үнді

Қытай

Греция

Философияның қалыптасу кезеңдері:

Мифология

(алғашқы қауымдық мәдениет және барлық өркениеттер мәдениеті)

Алғы философия

(Египед, Үнді, Месопатамия, Иудея, Қытай, Греция)

Философия

(Үнді, Қытай, Греция)

Басқа аймақтардағы философиялық ой кештеу пайда болды және олар осы үш елдің бірінің философиялық ілімінің негізінде дамиды.

«Философия» ұғымы.

«Фя» (грекше филео- құштарлық, махаббат; «софия» даналық, яғни даналыққа құштарлық деген мағына береді.) Философия атауын тарихта алғаш қолданған Пифагор болды.

- Ей, дана(софист)!- дегендерге:

- Мен дана (софист) емеспін, бар болғаны даналыққа құштармын(философистпін).

Нағыз даналық Құдайға ғана тән!-деп жауап берген екен Пифагор.

Философия пәнінің негізгі бөлімдері.

Философия пәні деп философия қарастыратын мәселелер мен сұрақтарды айтады.

Философия мынадай негізгі бөлімдерден құралады:

- 1.Онтология (болмыс туралы ілім)
- 2.Гносеология(таным туралы ілім)
- 3.Антропология (адам туралы ілім)
- 4.Аксиология (құндылықтар туралы ілім)
5. Этика (мораль туралы ілім)
6. Логика (ойлау заңдары туралы ілім)
7. Эстетика (сұлулықтың заңдары мен канондары туралы ілім)

Философтардың философия туралы түсініктері

№	Философ немес философиялық бағыт	Философияпәні туралы түсінік
1	Пифагор	Даналыққа құштарлық
2	Гераклит	Философ-зерттеулермен айналысатын адам
3	Сократ	Ізгілік пен зұлымдылықты тануға бағытталған ерекше ғылым
4	Платон	Мәңгі ақиқат болмысты тануға бағытталған ерекше ғылым.
5	Аристотель	Заттардың себептері мен қағидаларын зерттеу.
6	Эпикур	Ой арқылы бақытқа жету жолдары
7	Сенека	Философия ізгі кеңес.

8	Ортағасырлық христиандық философия.	Құдайдың бар екенін дәлелдеу және рационалды таным құралы.Киелі жазбалардағы ақиқатты түсіндіру.
	Ф. Бекон, Р. Декарт	Ұғымдық форма арқылы берілген тұтас ғылым.
	Кант	Дүниені абстрактылы метафизикалық ұғымдар арқылы тану құралы.
	Гегель	Өзін-өзі танитын Абсолютті ақыл туралы ғылым
	Шопенгауэр	Философия дүниені жалпы, абстрактылы ұғымдар түрінде бейнелеу түрі.
	Жанды Этика ілімі	Рухани интуиция мен ақылға негізделген дүниені тану құралы, адамды рухани жетілдіру жолы.

Логика

Этика

Эстетика

**Ғылыми
метолология**

**Ғылым философиясы (математиканың,
астрономияның, физиканың,
биологияның, т.б философиялық
мәселелері)**

**Философиялық
антропология**

**Мәдениет
философиясы**

Тарих философиясы

Құқық философиясы

**Дін
философиясы**

**Аталған бөлімдер бойынша қарастырылатын
сұрақтар:**

- болмыс мәні;**
- болмыстың шығуы;**
- материя, оның формалары;**
- материя мен сананың өзара қатынасы;**
- бейсаналық;**
- адам, адам тіршілігі, тіршілік мәні;**
- адамның рухани өмірі, жан;**
- қоғам;**
- қоғам және адам;**
- табиғат;**
- табиғат және қоғам;**
- қоғам өмірінің рухани саласы;**
- қоғам өмірінің материалды экономикалық саласы;**
- қоғамның әлеуметтік сферасы;**
- қоғамдық экономикалық формациялар, өркениеттер;**

Адам, қоғам келешегі;
экология, амандық мәселелері;
таным ерекшеліктері;
танушы субъекттің таным процесіне
ықпалы және оның нәтижелер;
таным шектілігі мен шексіздігі;
қозғалыс;
философиялық ұғымдар;
диалектика және оның заңдары;
басқа да сұрақтар;

Қазіргі заманғы философияның басты бөлімдері

Онтология (болмыс ілімі)

Гносеология (таным туралы ілім)

Әлеуметтік философия (қоғам туралы ілім)

Философиялық пәндер:

Логика, этика, эстетика, ғылыми методология, ғылым философиясы, философиялық антропология, мәдениет философиясы, тарих философиясы, құқық философиясы, дін философиясы.

Философиялық дүниетаным және дүние-танымның тарихи түрлері

Дүниетаным — дүние және ондағы адам орны туралы тұтас көзқарас. Тарих дамуында адамзат дүниетанымының үш тарихи түрі қалыптасты:

✓ мифология;

✓ дін;

✓ философия;

мифология- (гректің аңыз сөзінен) қоршаған дүние туралы реалды түсінікпен қатар фантастикалық қиялдың қосындысынан тұратын ежелгі қоғам дүниетанымы, қоғамдық сананың формасы.

Миф жауап беруге тырысатын негізгі сұрақтар:

**әлемнің, жердің және адамның жаратылуы;
табиғи құбылыстар туралы түсінік;
адам өмірі, тағдыры, өлімі, әрекеті жетістіктері т.б.;
борыш, ар намыс, имандылық мәселелері;**

Мифтің белгілері және сипаты

- 1) табиғатты жанды тіршілік ретінде қабылдау;**
- 2) фантастикалық құдайларға, олардың өзара қатынасына, байланыстарына сену;**
- 3) абстрактылы ойлаудың болмауы;**
- 4) мифтің нақты өмірлік еңбектері (шаруашылық, схиһиядан қорғану т.б.) шешуге бағытталған практикалық сипаты;**
- 5) мифологиялық сюжеттердің біркелкілігі мен тереңге бойламайтын үстірт, жеңіл мағыналылығы;**

Ежелгі мифологиялық жазба әдебиеттер:

- Үндінің «Рамаяна», «Махабхарата», «Ригведа»;
- Египедтік «Тексты пирамиды», «пер м рху» (өлеңдер кітабы)
- Шумер-аккадтық: «Энки мен Нинхурсаг», «Иннана-Думузи»;
- Гректік «Иллиада», «труды и дни», «гептамихоз»;
- Жапондық «Кодзики», «Нихонги»
- Тибеттік «зерминг», «лубум», «маникабум»;
- Финдік «калевала», т.б.

Дін (латынның «религия»құдайшылық сөзінен) сенімге, негізделген, адам өмірі мен қоршаған дүниені басқаратын, жарататын құдіретті күштердің барын мойындайтын дүниетаным түрі. Діни дүниетаным адамның дүние туралы сезімдік, образды эмоционалды түсінікті талап етеді. Діннің мақсаты мен мағынасы- қоғам мен жалпы адамзаттың назарын Құдайға бағыттау арқылы бір бағытқа жұмылдыру, орталықтандыру, сол арқылы адамды және осы дүниелік болмысты мәртебелендіру.

Дін де миф ізденетін сұрақтарға жауап береді:

1)әлемнің, жердің, жердегі тіршіліктің, адамның пайда болуы;

2)табиғи құбылыстар туралы түсінік;

3)адам әрекеті мен тағдыры;

4) адамгершілік мәселелері;

5)қарыс — қатынас мәселелері;

Кең тараған ұлттық діндер:

1)синтоизм;

2)индуизм;

3)иудаизм;

Негізгі әлемдік діндер үшеу:

1)буддизм;

2)христиандық;

3) ислам.

Дін мынадай қызметтер атқарады:

- **Дүниетанымдық.** Дүние туралы жалпы түсінікті қарастырады;
- **Біріктірушілік.** Қоғамды қандай да бір идея үшін немесе идея төңірегіне топтастырады;
- **Мәдени.** Мәдениетке ықпал етеді немесе мәдениеттің таралуына жағдай жасайды;
- **Адамгершілікке** тәрбиелейді, адамгершілікті насихаттайды;
- **Компенсаторлық,** адамның табиғат, әлеуметтік проблемалар, т.б. жағымсыз сипаттағы басқа да факторлар алдындағы әлсіздігін, қорғансыздығын басқа сипаттармен толықтырады;
- **Жүйелеушілік,** адамның тәртіптері мен өзара қатынастарын идеялар, нормалар, дәстүр, ритуал, құқық, мораль, қағидалар, т.б. арқылы жүйелейді;
- **Мәдениет** жалғастылығы, ұрпақтар арасындағы ой жалғастылығын қамтамассыз етеді;
- **Интеграциялық,** дезинтеграциялық — индивидтерді топқа немесе әлеуметтік институттарға бөлу біріктіру.

Философия — дүниетанымның ғылыми теориялық түрі. Философиялық дүниетанымның діни және мифологиялық дүниетанымдардан айырмашылығы:

- 1) нақты ұғымдар мен категориялардан құралады;*
- 2) қиялға, сенімге емес, білімге сүйенеді;*
- 3) рефлексивті (ойдың өз өзіне бағытталуы)*
- 4) қиындылығы (ішкі тұтастық пен жүйелікке негізделеді)*

Осылайша, философия -рационалдылықпен, жүйелікпен және қиындылығымен ерекшеленетін дүниетанымның жоғарғы деңгейі мен түрі.

Философияның дүниетаным ретіндегі эволюциясы үш кезеңнен өтеді:

- 1) космоцентризм*
- 2) теоцентризм*
- 3) антропоцентризм.*

Космоцентризм -әлем, табиғат құбылыстары. Сыртқы күштердің Космостың күшімен, әсерімен, шексізділігімен, түсіндірілетін тіршіліктің Космостық циклдарға тәуелділігін тұжырымдайтын философиялық дүниетаным

Теоцентризм -бүкіл болмыс, тіршілік тек қана құдіреттің, Құдайдың үстемділігімен түсіндірілетін пікірге сүйенетін философиялық дүниетанымның түрі.

Антропоцентризм — орталығында адам мәселесі тұрған философиялық дүниетаным түрі.

Философиялық білімнің ерекшелігі

Философиялық білімнің басты ерекшелігі оның екіұдайылығында. Ол ғылыми білімге жақын пәні, әдістері, логикалық ұғымдық аппаратты ғылыммен ортақ.

Сонымен қатар философиялық таза түрдегі ғылыммен білім де емес. Философияның басқа барлық ғылымдардан айрықша белгісі адамзат жинақтаған білімдердің барынша жалпыланған түрі, теориялық дүниетаным болуында.

Философия пәні кез-келген нақты ғылымдардың зерттеу пәнінен ауқымды. Философия білімді жалпылайды, кей ғылымдарды біріктіреді, бірақ, бар ғылыммен білімдерді сарқып, жойып, мәнсіздендірмейді. Ол ғылымдардың барлығына ортақ сипатты құбылысты ғана қамтып, нақты, арнайы білімдерді сол ғылымның еншісіне қалдырады.

Философиялық білімнің ерекшелігі мынада:

1. құрылымы күрделі (онтология, гносеология, логика т.б.)
2. барынша жалпы, теориялық сипатта;
3. ғылымдардың негізінде жатқан базалық, басты идеялар мен ұғымдарға сүйенеді;
4. көбінесе субъективті философиялық жүйелермен, идеялармен қатар философтардың дүниетанымдардың таңбасы, ойлау ерекшеліктері де қоса беріленді;

- заманының адамгершілік идеяларының жиынтығы болып табылады, өз дәуірінің ықпалына ұшырайды;
6. таным объектілерін ғана емес, таным механизмдерін де зерттейді;
7. рефлексия қасиетіне ие — ойдың өзіне өзінің бағытталуы;
8. өзіне дейінгі философтар жасаған доктриналардың әсер -ықпалына ұшырайды;
9. динамикалық сипатта-тоқтаусыз даму, жаңару үстінде болады;
10. барынша жалпы ұғымдарға -категорияларға сүйенеді;
11. мәні сарқылмас терең;
12. адамның танымдық қабілеттерімен шектеулі;
13. логикалық тұрғыдан ешқашан біржола шешілмейтін «мәңгілік» сұрақтармен айналысады (болмыстың жаратылуы, табиғаты, материяның немесе сананың біріншілігі, тіршіліктің пайда болуы, жанның ажалсыздығы, Құдайдың бар жоқтығы, оның пүниеге әсері т.б.)

Философиялық функциялары

Философияның қызметі — функцияның мақсат қызметтері мен арналуы іске асатын негізгі қолданылу салалары.

Функцияның негізгі функциялары мынадай:

1. дүниетанымдық;
2. методологиялық;
3. теориялық;
4. гносеологиялық;
5. аксиологиялық;
6. әлеуметтік;
7. тәрбиелік -гуманитарлық;
8. сындарлы;
9. футурологиялық.

түсініктің дүние құрылымы, заңдылықтары, ондағы адам орны, қоршаған ортамен қатынас қағидалары туралы тұтас пікірдің қалыптасуына әсер етеді.

2. методологиялық қызмет. Философия қоршаған дүниені танудың негізгі әдістерін белгілейді, нақтылайды.

3. теориялық функция. Концепциалды ойлауға, теорияны негіздеуге, қоршаған дүниені барынша жалпылауға үйретеді.

4. гносеологиялық функция. Философияның функцияларының ішіндегі маңыздыларының бірі болып табылады қоршаған дүниені дұрыс және ақиқат тануды көздейді.

5. Аксиологиялық — қоршаған дүниедегі құнды заттарды түрлі құндылық тұрғыларынан моральдық, этикалық, әлеуметтік идеологиялық т.б. Бағалап келіп барлық бағалы, құнды, пайдалыны өткізіп, барлық ескі, қажетсіз, құнсызды кедергілерді ұстап қалатын «сүзгі» ролін атқарады. Әсіресе тарихтың өтпелі кезеңдерінде күшейе түседі.

6.Әлеуметтік функция -қоғамды оның пайда болуын, эволюциясын, қазіргі жағдайын, құрылымын, элементтерін қозғаушы күштерін зерттеп, ішкі қайшылықтарын ашып, оларды жою немесе жетілдіру жолдарын нұсқайды.

7. Тәрбиелік-гуманитарлық-гуманистік құндылықтар мен идеяларды зерттеп, адамға және қоғамға ендіріп, егіп, адамның дүниеге бейімделуіне, өз өмірінің мәнін анықтауына, табуына көмектеседі. Басқаша айтсақ, адам бойына тұлғаға тән сапаларды, қасиеттерді ұялатады, қалыптастырады.

8.сындарлы функция — қоршаған дүниенен мен білім атаулыны күмән «елегінен» өткізу, оның жаңа белгілерін сипатын іздеу, қайшылықтарын ашу. Бұл функцияның түпкі міндеті-таным қажеттілігін кеңейтіп, догмаларды жойып, догмаларды жойып, білімнің қатып сеуінін тоқтатып, оны модернизациялау, білімнің ақиқаттылығы деңгейін жоғарлату.

9. Болжамдық (футуралогиялық) -қоршаған дүние мен адамдар туралы қолда бар философиялық білімдерге, таным жетістіктеріне сүйене отырып материяның, сананың таным процестерінің, адамның, табиғат пен қоғамның даму тенденцияларын анықтау жасаиды.

**Философия дамуның негізгі тарихи кезеңдері.
Философия тарихын мынадай кезеңдерге бөлу
қабылданған:**

**Ежелгі Дүние дәуірі(б.д.д.І-мыңжылдықтың
ортасынан 529(476)жылдарға дейін).**

**Ортағасырлар дәуірі (529 (476) жылдан XIV
ғасырлардың ортасына дейін).**

**Қайта өрлеу дәуірі(XIV ғасырдың ортасынан -XVII
ғасырға дейін).**

Жаңа Заман дәуірі (XIVғасырдан қазірге дейін XXI)

**Жаңа Заманның бас кезі (1640жылдан -1688жылға
дейін)**

Ағартушылық дәуір

(1688жылдан-1799 жылға дейін)

**Неміс классикалық философиясы (1850 жылдардан
1970жылдарға дейін)**

**Қазіргі Заман философиясы(XIXғасырдан-XXIғасырға
дейін)**

Қалыптасудың бас кезінде философия барлық ғылыми білім-дерді қамтиды- «философия ғылымдардың ғылымы» болды деуге болады. Кейінірек, өз алдына дербес ғылыми пән ретінде:

- б.д.д.IV Ежелгі Грецияда -(теориялық пән ретінде) -логика.
- б.д.д.II ғасырларда -математика
- Астрономия және астрология,
- Филология және т.б. қалыптаса бастады. Осылайша ғылымдардың дифференциалану процесі басталды: алдымен философия шеңберінде түрлі пәндер бөлінді, содан соң олар жеке пән ретінде философиядан бөлініп шықты. Ғылыми ілімнің құрылымына деген көзқарас әр дәуірдің философиялық ілімінде әр түрлі болады.Мысалы эллиндік дәуірде стоиктер мен эпикурийліктер этикаға, логика мен физикаға ерекше мән берді. Логикаға таным теориясының барлық мәселелерін, ал физика-табиғатты зерттеуге байланыстылардың бәрін қоса қарастырды. Этика -бақытқа немесе тиісті тәртіпке жол сілтейтін сала болғандықтан философияның «ядросы» саналады.

Ортағасырлық схоластикада философия болмыстың жоғарғы принциптері мен оның алғашқы себептері жөніндегі ғылым ретінде және солай бола тұра «Құдай тану ілімінің қызметшісі» болды.

XIX-XXғасырларда маркстік ілімдеде гегельдік философия негізінде философия пәні туралы мынадай түсінік қалыптасты: «философия — табиғаттың, қоғамның және адам ойлауының ең жалпы заңдары туралы ғылым». Сонымен қатар, философия пәніне деген сұрақтар әр түрлі болды.

Философияның әдістері.

Философияның даму тарихында философиялық зерттеулердің іске асуына құрал ретінде пайдаланылған және пайдаланыла-тын әдістер:

1. Диалектика
2. Метафизика
3. Догматизм
4. Эклектика
5. Софистика
6. Герменевтика

Диалектика.

Заттар мен құбылыстардың ішкі қайшылықтарын, олардың өзгеру, даму ерекшеліктерін, себеп — салдарлық байланыстарын, қарама — қарсылықтардың бірлігі мен күресін ескере отырып, қарастырылатын зерттеу әдісі.

Метафизика.

Диалектикаға қарама -қарсы әдіс. Метафизика объектілерді:

- 1. байланыста емес, жеке дара;***
- 2. статикалық сипатта (объектілердің тоқтаусыз, өзіндік, қозғалыстары, өзгерістері, дамуы ескерілмейді).***
- 3. абсолютті ақиқатты іздестіруде қайшылықтарға мән бермей, қарама -қайшылықтардың бірлігін елемей біржақты қарастырады.***

Догматизм.

Қоршаған дүниені догматтар шеңберінде жоғарыдан «берілген» абсолютті дәлелдеуді қажет етпейтін мызғымас сенімдер, көзқарастар тұрғысынан ғана қарастыратын және қабылдайтын ойлау әдісі.

Эклектика.

Біртұтас творчестваға енбейтін түрлі, еркінше алынған фактілерді, ұғымдарды, концепцияларды біріктіру нәтижесінде сырт қарағанда шын көрінгенмен үстірт, ақиқаттан алыс жатқан тұжырымдар жасау. Әдетте эклектика бұқаралық санаға ықпал ету мақсатында, реалды онтологиялық, гносеологиялық негіз бен құндылығы жоқ көзқарастарды, идеяларды насихаттауда пайдаланылады.

Софистика.

Ақиқат болмаса да ұтымды құрастырылған жалған алғышарттардан жаңа, логикалық тұрғыдан дұрыс, бірақ мағынасы жалған ой қорытынды жасау әдісі. Софистика Ежелгі Қытайда кең тарады: шешендік өнердің ақиқат білім алу жолы емес, пікір сайыстарда «кімге болмасын, ненің болмасын дұрыстығын» дәлелдеу тәсілі ретінде арнайы оқытылды.

Герменевтика.

Мәтіндер мағынасын дұрыс оқу және түсіндіру әдісі. Герменевтика Батыстық философияда кең тараған.

Әрі философиядағы бағыттар, әрі философиялық әдістер деп:

материализм

идеализм

эмпиризм

рационализмді *айтады.*

Материалистік әдіс.

Дүниені реалды тіршілік ретінде, ал материяны бастапқы субстанция, сананы материянын модусы -материяның көрінісі деп қарастырады. Материалистік диалектикалық әдіс Советтік философияда үстемдік етті және қазіргі кездегі ресейлік философияда кең тараған.

Эмпиризм.

Таным процесі мен білімнің негізінде сезімдік таным -түйсік арқылы алынатын тәжірибе жатады деп түсінетін танымдық әдіс және бағыт.

Рационализм.

Философиядағы бағыт және философиялық әдіс. Рационализм «нағыз шын білім сезім мен тәжірибенің әсерінсіз, қатынасынсыз, тек ақыл арқылы алынады» деп есептейді. («Барлық нәрсеге күмән келтіруге болады, ал күмәндану — ойдың, ақылдың жұмысы»).

Әдебиеттер:

Негізгі

- Әбішев Қ. «Философия» Алматы-2001
- Бегалинова К.К., Альжанова І.К. «Философия » Алматы-2003
- Кішібеков Д.К. «Философия » Алматы-1991
- С.Мырзалы Философия Алматы, 2009.

Қосымша:

1. Мардашвили К.К. «Как я понимаю философию» М- 1990
2. Спиркин А.Г. «Философия»
3. Кохановский Л.В. учебник для Вузов Ростов н-Д:Феникс 1998
4. Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. Қысқаша философия тарихы. Алматы, 1998.

Проблемалық сұрақтар (пікір-таласқа арналған):

- Эпикурдің “Философия-ой арқылы бақытқа жету жолдары” деген қағидасын қалай түсінесіз?
- Сенеканың “Философия-ізгі кеңес” деген ой-тұжырымының семантикасы.
- Гиппократ өзінің “Ізгі әдептілік мінез” атты еңбегінде медицинаны даналыққа қосу керек деген болатын. Сіздің көзқарасыңыз.

Назарларыңызға
рахмет!!!